

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АЛМАТЫ АУДАРЫНЫҢ БІЛІМЕТ БАСҚАРМАЛЫҒЫ  
2014 ж. 06. 01 күні  
№ 357-1910-02 АҚ

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АДМИНИСТРАЦИОННОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЗНАКА

06. 01 2014  
СЕРИЯ № 357-1910-02 АҚ  
БСНБ № 100340014798



«KazPetroDrilling» АҚ  
2014 жылғы «20» Қараша  
акционерлердің жалпы жиналысымен  
бекітілді  
Утвержден решением общего  
собрания акционеров  
АО «KazPetroDrilling»  
от «20» ноября 2014 года

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АЛМАТЫ АУДАРЫНЫҢ БІЛІМЕТ БАСҚАРМАЛЫҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЮСТИЦИЯСЫ  
АЛМАТЫ АУДАРЫНЫҢ ЮСТИЦИЯ БАСҚАРМАЛЫҒЫ

№ 866 СЕРИЯ  
2015 ж. 12 01 күні

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АДМИНИСТРАЦИОННОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЗНАКА

0866  
12 01 2015

«KAZPETRODRILLING»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«KAZPETRODRILLING»

Алматы қ., 2014 жыл  
г. Алматы, 2014 год

КЕЛЕСІ БЕТТІ  
ҚАРАҢЫЗ

СМОТРИТЕ  
НА ОБЛОЖКЕ

## МАЗМҮНІ

1 БАП АНЫСТАМАЛАР	1
2 БАПАТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ	2
3 БАПҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ	3
4 БАПҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	3
5 БАП ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	4
6 БАПҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МӨНІ	5
7 БАПҚОҒАМ МҮЛКІ	6
8 БАПҚОҒАМНЫҢ ҚҮНДІ ҚАҒАЗДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТЫ	6
9 БАПҚОҒАМ КІРІСТІ БӨЛУ ТӨРТІБІ, АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ҮЛЕСАҚЫЛАР	7
10 БАПҚОҒАМНЫҢ ОРҒАНДАРЫ	8
11 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ	8
12 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ	9
13 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ	10
14 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӨРТІБІ	10
15 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	11
16 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КҮН ТӨРТІБІ	12
17 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КВОРУМЫ	13
18 БАП ІКІНШІ РЕТ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ	13
19 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ӨКІЛДІК ЕТУ	13
20 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТӨРТІБІ	14
21 БАП ОЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	14
22 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ	16
23 БАП ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАТТАМА	16
24 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ	17
25 БАП ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	18
26 БАП ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ	20
27 БАП ҚОҒАМ ПРЕЗИДЕНТІ	22
28 БАП ҚОҒАМ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ	24
29 БАП ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚҰЖАТТАРЫНА КОЛ ҚОЮ	25
30 БАП ЖАСАУ А ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР ҚОЙЫЛҒАН ҚОҒАМНЫҢ МӘМІЛЕЛЕРІ	25
31 БАП ҚОҒАМНЫҢ ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАУЫ	26
32 БАП ЖАСАУДА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БАР МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАУ ТӨРТІБІ	26
33 БАП ҚОҒАМНЫҢ ДАУАЗЫМДЫ ТҮЛГІАЛАРЫ	28
34 БАП ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗЫПТИК ЖӘНЕ АУДИТ	28
35 БАП ҚОҒАМ АҚ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҰСЫНУ ТӨРТІБІ	29
36 БАП ҚОҒАМНЫ ҚАЙТА ҚУРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ	31
37 БАП ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН БРЕЖЕЛЕР	31

Осы Жарғы «KazPetroDrilling» акционерлік қоғамының атауын, орналасқан орнын, органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, қайта құру және қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мәселерді анықтайды.

## І БАП АНЫҚТАМАЛАР

1) **Бас әріпмен**, және осы Жарғыда басқа анықтамасы жоқ Жарғыда берілген әр **терминнің** төмендегідей мағынасы бар:

«Аффилирленген тұлғалар»	шешімді тікелей және (немесе) жанама айқандауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірінің) қабылдайтын шешімдеріне, оның ішінде жасасқан мәмілеге байланысты ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда);
«Қоғамның ішкі қызметі»	Қоғамда орын алатын кез-келген үдерістер;
«Қоғамның тұлғасы»	Директорлар кеңесінің мүшелері және/немесе Қоғамның Президенті;
«Заң»	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңы;
«Көпшілік басым көпшілік»	кемінде төрттен үш бөлігі мөлшеріндегі көпшілік;
«Интернеттік веб-сайт»	интернет желісіндегі Қоғамға тиесілі ресми электронды сайт;
«Директорлар кеңесінің хатшысы»	директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері, оны Қоғамның директорлар кеңесі тағайындайды және Қоғамның директорлар кеңесіне есеп береді, Қоғамның ішкі құжаттарымен қызметі реттеледі;
«Әрі-акционерлер»	бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақталп алғанда өздеріне) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционер;
«Тәуелсіз директор»	(i) Қоғамның аффилирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның Қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда); (ii) Қоғамның аффилирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилирленген тұлға



болып табылмайтын; (iii) Қоғамның аффилирленген тұлғаларының (Қоғамның лауазымды адамдарымен бағыныштылығы жағынан байланысты емес және өзі директорлар кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлғаларға бағыныштылықпен байланысты емес; (iv) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; (v) Қоғамның отырыстарында акционер өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай өкіл болмаған; (vi) Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі;

«Акционерлердің жалпы жиналысы»

Қоғамның жоғары органы;

«Қоғам»

«KazPetroDrilling» акционерлік қоғамы;

«Президент»

Қоғамның атқарушы органы;

«Директорлар кеңесі»

Қоғамды басқарушы орган;

«Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын басқаралық ақпарат құралдары»

(i) корпоративті веб-сайт; (ii) он бес мың данадан кем емес таралыммен шығарылатын және Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімдік баспа басылдымдары;

«Жарғы»

Бекітілген редакциядағы немесе уақыт өте келе өзгертулер енгізу есебінен келесі редакциялардағы Қоғамның осы жарғысы.

## 2 БАП

### АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1 Қоғамның толық атауы:

қазақ тілінде:

«KazPetroDrilling» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде:

Акционерное общество «KazPetroDrilling»;

ағылшын тілінде:

KazPetroDrilling Joint Stock Company.

Қоғамның қысқаша атауы:

қазақ тілінде:

«KazPetroDrilling» АҚ;

орыс тілінде:

АО «KazPetroDrilling»;

ағылшын тілінде:

KazPetroDrilling JSC.

2.2 Қоғамның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Чайковский көш., 95.

2.3 Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Чайковский көш., 95.

### 3 БАП

#### ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 3.1 Қоғам акционерлік қоғам формасында құрылған заңды тұлға болып табылады. Қоғам «коммерциялық ұйым» болып табылады.
- 3.2 Қоғам мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие. Қоғам шектелмеген мерзімге құрылған.
- 3.3 Қоғамның өз қызметін жүзеге асыруға қажетті өзінің атауы және өзге де деректемелері жазылған мөрі және бланкілері бар.
- 3.4 Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.
- 3.5 Қоғамның өз тауар белгісі және өзге де бейнелемесі болады.

### 4 БАП

#### ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 4.1 Қоғам өзінің жеке атынан мүлкітік және жеке мүлкітік емес құқықты иелене алады және жүзеге асыра алады және міндеттерді атқара алады.
- 4.2 Қоғам толық тәуелсіз, өзін-өзі басқара алатын болып табылады, өзінің жеке балансы, бәсекелес шоты бар, акционерлер мүлкінен оқшауланған мүлкі бар және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.
- 4.3 Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа оларға тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығындар қатеріне ұшырайды.
- 4.4 Қоғам міндеттемелері бойынша мемлекет жауап бермейтін тәртіпті, мемлекет міндеттемелері бойынша Қоғам жауап бермейді.
- 4.5 Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімдер, келісім шарттар) жасай алады, мүлкітік және жеке мүлкітік емес құқықтар мен міндеттерді иеленеді, сотқа шағымданушы немесе жауап беруші ретінде қатыса алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.
- 4.6 Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және өзге де ақпараттарды иеленуге және пайдалануға құқық иелене және ұсына алады.
- 4.7 Қоғам шығару, орналастыру, айналыс және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін құнды қағаздар шығара алады.
- 4.8 Қоғам осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіпте еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды бекітуге, сонымен қатар жарғылық капиталдарға және Қазақстан Республикасының аумағында және оған тыс жерлерде өзге заңды тұлғалардың қызметтеріне қатысуға құқылы.
- 4.9 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте, Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелдерде Қоғамның тапсырмасы бойынша және оның атынан әрекет ететін өз филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкі есебінен негізгі және айналым

қаражаттарын үлестіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қызметінің тәртібін анықтайды. Филалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және Қоғамның балансында есепке алынады.

- 4.10. Қоғам, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, Қоғамның қызметіне жататын барлық мәселелерді өз бетінше шешеді.
- 4.11. Қоғам белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банкілерде және өзге де қаржылық ұйымдарда ұлттық және шетел валютасында шөт алуға құқылы.
- 4.12. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстанның және шетелдердің заңды тұлғаларынан теңгемен және шетел валютасымен қарыз алуға және несиені пайдалануға құқылы.
- 4.13. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да құқықтарды иелене және басқа да міндеттерді атқара алады.

## 5 БАП

### ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 5.1. Қоғамның акционері құқылы:
  - 5.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
  - 5.1.2. үлесіақмалар алуға;
  - 5.1.3. Қоғамның қызметі, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратпен қоса Аффидиурленген тұлғалар туралы ақпарат алуға, сонымен қатар осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
  - 5.1.4. құнды қағаздарға оның меншік құқығын растайтын Қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушідан көшірме алуға;
  - 5.1.5. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;
  - 5.1.6. Қоғам органдары қабылдаған шешімдермен сот тәртібінде дауласуға;
  - 5.1.7. Өзге акционерлермен жеке және жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызына не болған жағдайда, жасауда қызығушылық бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасау (қорытындыға ұсыныстар) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алынған кірісті (табысты) Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) Аффидиурленген тұлғаларының оларды Қоғамға қайтаруы және Қоғамға келтірілген шығындарды Қоғамның Лауазымды тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талаптармен сот органдарына жүгінуге;
  - 5.1.8. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрату жасауға және белгіленген мерзімде дәлелді жауап алуға;
  - 5.1.9. Қоғам таратылған жағдайда мүлік бөлігіне;
  - 5.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамның оның акцияларын айырбасталатын акцияларын немесе өзге де құнды қағаздарды басымдылықпен сатып алуға.



- 5.2 Қоғамның дауыс беретін акцияларының (жиынтықта) он немесе одан да көп пайызы тиесілі, олардың арасында жасалған келісімдердің негізінде әрекет ететін акционер немесе бірнеше акционерлер құқылы:
- 5.2.1. Акционерлердің жалпы жиыналысының кезектен тыс шақырылымын талап етуге және Акционерлердің жалпы жиыналысын шақыруда Директорлар кеңесі бас тартқан жағдайда сөзге жүгінуге;
  - 5.2.2. Осы Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиыналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге ұсыныс жасауға;
  - 5.2.3. Өз қаражаты есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;
  - 5.2.4. Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 5.2.5. Қоғам органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғы нормаларын бұзатын әрекеттерді жасаған жағдайда өз құқығын және заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге.
- 6.1 Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарды иеленеді.
- 6.2 Акционерлерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған міндеттерді орындайды.

## 6 БАП

### ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МӨНІ

- 6.1 Қоғам табыс алу мақсатында шаруашылық қызмет жүргізу үшін құрылды. Алға қойған мақсатқа жету үшін Қоғам Қазақстан Республикасының барлық тиыым салынбайтын азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асырады, мүлікпен және құнды қағаздармен операциялар жүргізеді, сонымен қатар заңдық маңызы бар басқа да әрекеттер жасайды.
- 6.2 Қоғам қызметінің негізгі түрлері:
- 6.2.1. Мұнай операцияларын, құбырларға күрделі жөндеу жасау, мұнайға және газға және т.б. іздестіру, барлау және пайдалануға беру құбырларын бұрғылау жүргізу барысында сервистік қызметтерді жүзеге асырудан тұратын мұнайгаз саласында қызметті жүзеге асырушы Қоғамның еншілес компанияларына қатысты инвестициялық қызметті жүзеге асыру;
  - 6.2.2. Қоғамның еншілес компанияларының қызметін бақылауды жүзеге асыру;
  - 6.2.3. акционерлердің тұрақты табысын қамтамасыз ететін талаптар құру;
  - 6.2.4. заңнамаға сәйкес құнды қағаздармен операциялар;
  - 6.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сыртқы экономикалық қызмет: шетел заңды/жеке тұлғаларымен өзара төімді сыртқы экономикалық байланысты және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті дамыту.
- 6.3 Қоғам қажетті арнайы рұқсаты және/немесе лицензиялары бар талаптарда Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиыым салынбайтын кез-келген барлық қызмет түрлерімен айналыса алады. Айналысуға лицензия қажет қызмет саласында Қоғамның құқықтық қабілеті осындай лицензияны алғаннан кейін туындайды және

оны қайтарып алғаннан кейін, қызмет ету мерзімі өткеннен кейін немесе белгіленген заңнамалық тәртіпте жарамсыз деп танылғанда тоқтатылады.

## 7 БАП ҚОҒАМ МҮЛКІ

- 7.1. Қоғамның мүлкі төмендегілердің есебінен құрылады:
- 7.1.1. Қоғам акцияларын төлеуге акционерлер берген ақша және өзге де мүлік;
  - 7.1.2. Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған кірістер;
  - 7.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген негізде алынған өзге де мүлік.

## 8 БАП ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТЫ

- 8.1. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталымды және өзге де, оның ішінде өндірістік құнды қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның құнды қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу шарты мен тәртібі елдің құнды қағаздар шығару және/немесе айналымы заңнамасымен анықталады.
- 8.2. Қоғам тек қарапайым акцияларды шығарады.
- 8.3. Қарапайым акция әр акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оны таратқан жағдайда Қоғам мүлкінің бөлігін, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысы шешіміне сәйкес негізде Қоғамда таза табыс болған жағдайда үлесіне алуға құқығы Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылатын барлық мәселелерді шешу барысында дауыс құқығын ұсынады.
- 8.4. Қоғамның акциялар шығаруы құжатсыз формада жүзеге асырылады.
- 8.5. Акцияларды шығару, орналастыру, айналымы шарты мен тәртібі, сонымен қатар қарапайым акциялар бойынша үлесіне алуға құқығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, акциялар шығару проспектісімен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.
- 8.6. Орналастырылған акциялардың төлеміне ақша, мүліктік құқық (оның ішінде зияткерлік меншік нысандарына құқық) және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа өзге де мүлік енгізіледі.
- 8.7. Басқаларға төлем, ақшадан басқа, мүлікпен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде әрекет ететін бағалаушы анықтаған баға бойынша жүзеге асырылады.
- 8.8. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін құруды, жүргізуді және сақтауды Қоғамның аффилирленген тұлғасы және/немесе оның Аффилирленген тұлғасы болып табылмайтын Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.
- 8.9. Қоғам төмендегі жағдайда орналастырылған құнды қағаздарды кепілге қабылдай алады:
- 8.9.1. кепілге берілетін құнды қағаздар толық төленген;



8.9.2. Қоғам сатып алған акциялардан басқа, Қоғамға кепілге берілетін және онда кепілде жатқан акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бестен аспайтын пайызын құрайды;

8.9.3. Құнды қағаздар кепілі туралы шарт Қоғамның Директорлар кеңесімен мақұлданды.

8.10. Қоғам сатып алатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санынан жиырма бес пайыздан аспауы қажет, ал Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу шығындары оның жеке капиталының мөлшерінен он пайыздан аспауы қажет:

8.10.1. Акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу барысында - Заңға сәйкес қарастырылған күнге;

8.10.2. Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу барысында - Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдау күніне.

8.11. Қосымша қаражат тарту үшін Қоғам облигациялар шығаруға құқылы.

8.12. Облигациялар шығару, орналастыру, айналдыру, олар бойынша сыбақылар төлеу, облигацияларды өтеу және олардан түкен қаражатты пайдалану талаптары мен тәртібі елдің облигациялар шығару және/немесе облигацияларды айналдыру заңнамасымен, облигациялар шығару проспектісімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

## 9 БАП

### ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ, АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ҮЛЕСАҚЫЛАР

8.13. Қоғамның таза табысы (бюджетке салықты және өзге де міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның өкімінде қалады және Қатысушылардың жалпы жиналысының белгіленген шешімі тәртібінде бөлінеді, оның ішінде үлесакылар төлеуге. Қалған бөлігі Қоғамды дамауға немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған өзге де мақсаттарға жұмсалады.

8.14. Қоғам жылдың қорытындысы бойынша үлесакылар төлейді. Акционерлердің жалпы жиналысымен ағымдағы жылдың жарты жылына/тоқсанына/айына қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша үлесакыларды алдын ала бөлу туралы шешім қабылдай алады.

8.15. Қаржылық жылдың қорытындысы бойынша және/немесе жарты жылдың/тоқсанның/айдың қорытындысы бойынша Қоғамның қарапайым акциялары бойынша үлесакылар, не болмаса қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес құрылған қаржылық есептілік негізінде өткен кезеңге бөлінбеген табысты төлеу Акционерлердің жалпы жиналысыменбекітіледі.

8.16. Үлесакылар алуға құқығы бар акционерлердің тізімі үлесакылар төлеуді бастау күнінен бұрын құрылуы қажет.

8.17. Шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Бұқаралық ақпарат құралдарына шешімді міндетті жариялай отырып, Акционерлердің жалпы жиналысы жылдың қорытындысы бойынша қарапайым акциялар бойынша үлесакылар төлеуі туралы шешім қабылдауға құқылы.

- 9.6. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша үлесакылар төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім Бұқаралық ақпарат құралдарында және Қоғамның Корпоративтік веб-сайтында жариялануы қажет. Үлесакылар төлеу туралы шешім төмендегі ақпараттан тұрады:
- 9.6.1. Қоғамның атауы, орналасқан орны, банктік және өзге де деректемелері;
  - 9.6.2. үлесакылар төленетін кезең;
  - 9.6.3. бір қарапайым акцияға үлесакы мөлшері;
  - 9.6.4. үлесакылар төлеуді бастау күні;
  - 9.6.5. үлесакылар төлеу тәртібі және формасы.
- 9.7. Қоғам өзі сатып алған немесе орналастырылған, сонымен қатар сот арқылы немесе Акционерлердің жалпы жиналысымен оларды жою туралы шешім қабылданған акциялар бойынша үлесакылар есептелмейді және төленбейді.
- 9.8. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша үлесакылар төлеуге жол берілмейді:
- 9.8.1. жеке капиталдың мөлшері теріс болған жағдайда немесе оның акциялары бойынша үлесакылар төлеу нәтижесінде Қоғам капиталының мөлшері теріс болатын жағдайда;
  - 9.8.2. Қоғам төлем қабілетсіздігі нышандарына жауап берген немесе банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлей алмаған жағдайда, не болмаса көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша үлесакылар төлеу нәтижесінде пайда болатын жағдайда.

## **10 БАП ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ**

- 10.1. Қоғам органдары:
- 10.1.1. жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
  - 10.1.2. басқару органы – Директорлар кеңесі;
  - 10.1.3. жекеше атқарушы орган – Президент;
  - 10.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның өзге де органдары.

## **11 БАП АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

- 11.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам сайын жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын Қоғам қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізуі қажет. Аталған мерзім есепті кезеңге Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылады.
- 11.2. Жыл сайынғы Акционерлердің жалпы жиналысында:
- 11.2.1. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
  - 11.2.2. өткен қаржы жылына Қоғамның таза кірісін және Қоғамның бір қарапайым акциясына есебінде үлесакы мөлшерін бөлу тәртібі анықталады;



11.2.3. акционерлердің Қоғам қызметіне және оның Лауазымды тұлғаларына өтініш білдіруі және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Жылдық акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын шешім қабылдауда өзге де мәселелерді қарауға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы жылдықтан басқа, кезектен тыс болып табылады.

## 12 БАП

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне төмендегі мәселелер жатқызылады:

12.1.1. Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

12.1.2. корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

12.1.3. Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;

12.1.4. Қоғамның жарияланған акциялары санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялар түрінің өзгеруі туралы шешімдер қабылдау;

12.1.5. Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау талаптарын және тәртібін, сонымен қатар олардың өзгеруін анықтау;

12.1.6. Қоғамның қарапайым акцияларына айырбасталатын құнды қағаздар шығару туралы шешімдер қабылдау;

12.1.7. акциялардың бір түрінен екінші түріне орналастырылған акцияларды айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың талаптары мен тәртібін анықтау;

12.1.8. құрам санын, Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және Кадр, әлеуметтік мәселелер, сыйақылар, этикажөніндегі комитет ұсынысының негізінде олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату және Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдерін реттеу, сонымен қатар өз міндеттерін орындағаны үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің шығындарын өтеу және сыйақылар төлеу мөлшері мен талаптарын анықтау;

12.1.9. Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;

12.1.10. жылдық/аралық қаржылық есептілікті бекіту;

12.1.11. есептік қаржылық жылға Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша үлесакылар төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясы есебінде үлесакы мөлшерін бекіту;

12.1.12. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша үлесакылар төлеу туралы шешім қабылдау;

12.1.13. Қоғам акцияларын ерікті делистингілеу туралы шешім қабылдау;

12.1.14. басқа заңды тұлғаны құруға және оның қызметіне Қоғамның қатысуы не болмаса Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да



- жоғары сомасын құрайтын активтердің бөліктерін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) жолымен басқа заңды тұлғалардың қатысушыларын (акционерлерін) құрамнан шығару туралы шешім қабылдау;
- 12.1.15. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге Қоғамның хабарлау формасын анықтау және мұндай ақпаратты Бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 12.1.16. осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғамның оларды сатып алу барысында акциялар құнын анықтау әдістемесіне (құрылтай жиналысымен бекітілмеген жағдайда, әдістемені бекіту) өзгертулерді бекіту;
- 12.1.17. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 12.1.18. Қоғам қызметі, оның ішінде Бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау туралы акционерлерге ақпарат ұсыну тәртібін анықтау;
- 12.1.19. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Заңмен жатқызылған шешімдер қабылдаудың өзге де мәселелері.

### 13 БАП

#### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ

- 13.1. 12 баптың 12.1 тармағының 12.1.1 – 12.1.7 және 12.1.16 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан Білікті көпшіліктен қабылданады.
- 13.2. Өзге де мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Заңмен белгіленбеген жағдайда, дауыс беруге қатысушы Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
- 13.3. Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде және Заңда қарастырылмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне, басқа органдардың, Лауазымды тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне жатқызылған шешімдер қабылдау мәселелерін беруге жол берілмейді.
- 13.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез-келген шешімін жоюға құқылы.

### 14 БАП

#### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

- 14.1. Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.
- 14.2. Кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы төмендегілердің бастамасы бойынша шақырылады:
- 14.2.1. Директорлар кеңесінің;
- 14.2.2. Ірі акционердің;
- 14.2.3. Тарату комиссиясының (Қоғам ерікті тарату үрдісінде болған жағдайда).
- 14.3. Акционерлердің жалпы жиналысына дайындық және оны өткізу төмендегілермен жүзеге асырылады:
- 14.3.1. Президентпен;
- 14.3.2. Жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісімен;
- 14.3.3. Директорлар кеңесімен;

14.3.4. Қоғамның тарту комиссиясымен.

Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру оған дайындық және оны өткізу шығындарын Қоғам көтереді.

Заңмен белгіленген жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібін Қоғам органдары бұзған жағдайда, Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы кезектелген мүдделі тұлғаның қабылданған шағымы бойынша сот шешімінің негізінде шақырылады және өткізіледі. Қоғам органдары кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы оның талаптарын орындамаған жағдайда, Қоғам кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Ірі акционерінің шағымы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылады және өткізіледі.

Ірі акционердің бастамасы бойынша кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу ерекшеліктері:

14.6.1. Ірі акционердің кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Қоғамның атқарушы органының тұрғылықты жері бойынша жиналыстың күн тәртібін құрайтын сәйкес жазбаша хабарлама жолдау арқылы Директорлар кеңесіне ұсынылады.

14.6.2. Қоғамның директорлар кеңесі күн тәртібі мәселелерін формулировкалауда өтіріктер енгізуге және Ірі акционердің талабы бойынша шақырылған ұсынылған кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібін өзгертуге құқығы жоқ. Директорлар кеңесінің қойған талаптарына сәйкес кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру барысында өз көзқарасы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін кезектелген мәселемен толықтыруға құқығы бар.

14.6.3. Кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа өзіне тиесілі акциялардың түрін, санын көрсете отырып, және мұндай жиналысты шақыруды талап етуші акционерлердің (акционердің) атын көрсете отырып, кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруды талап етуші тұлға (тұлғалар) қол қояды.

14.6.4. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға міндетті және мұндай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты ұсынған тұлғаға кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданғандығы не болмаса оны шақырудан бас тартқандығы туралы хабарлама жолдайды.

## 15 БАП

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акционерлерін ұстаушыларының тізілім жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның тіркеушісі құрады. Аталған тізілімді құру күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдау күнінен бұрын белгілене алмайды.



15.5. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін құрғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға оған тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларын негізген шығарады, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге беріледі. Сонымен қатар акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы қажет.

15.6. Акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы отыз күнтізбелік күн бұрын мерзімнен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күн бұрын мерзімнен кешіктірмей хабарлануы қажет.

15.7. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы не болмаса оларға жолдануы қажет. Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспайтын жағдайда, хабарлама акционерлерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы оларға жеткізілуі қажет.

15.8. Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама төмендегілерді құрайды:

15.5.1. Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан орны;

15.5.2. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

15.5.3. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және өткізу орны, қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты, сонымен қатар бірінші жиналыс өткізілмеген жағдайда, Қоғам Акционерлерінің екінші рет жалпы жиналысын өткізу күні және уақыты;

15.5.4. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізімін құру күні;

15.5.5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

15.5.6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен Қоғам акционерлерін таныстыру тәртібі;

15.9. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар аталған мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдауға қажетті көлемде ақпаратты құрауы қажет.

**15.7.** Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар жиналыс өткізу күніне дейін он күн бұрын мерзімнен кешіктірмей акционерлерді таныстыру үшін Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша дайын және қол жетімді болуы қажет, ал акционердің сұратуы бар болған жағдайда - сұрату алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуі қажет; құжат көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығындарын Қоғам көтереді.

## 16 БАП

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ

**16.1.** Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен құрылады және талқылауға шығарылған нақты тұжырымдалған жаң-жақты сұрақтар тізімін құрауы қажет. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі осы баптың 16.3 тармағымен белгіленген тәртіпте немесе Жалпы жиналыс өткізу күніне дейін он бес



күннен кешіктірмей мұндай толықтырулар туралы Қоғам акционерлеріне хабарланған жағдайда, Ірі акционерлермен немесе Директорлар кеңесімен толықтырыла алады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан көпшілік дауыспен жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер шығаруға құқығы жоқ.

Күн тәртібіне Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көп бөлігі өзгертуге дауыс берген жағдайда өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау барысында Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіледі және/немесе толықтырылады.

## 17 БАП

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КВОРУМЫ

Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығы елу және одан да көп пайызына ие оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер мен олардың өкілдері тіркелген жиналыс қатысушыларын тіркеу аяқталған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібі мәселелері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы.

2. Акционерлерге сырттай дауыс беруге бюллетеньдер жолданған жағдайда, көрсетілген бюллетеньдерде ұсынылғандар және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеген сәтте Қоғаммен алынғандар кворумды анықтау және дауыс беру қорытындысын шығару барысында есепке алынады.

3. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында кворум жоқ болған жағдайда, сырттай дауыс беру жолымен Акционерлердің жалпы жиналысы екінші рет өткізілмейді.

## 18 БАП

### ЕКІНШІ РЕТ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

1. Акционерлердің жалпы жиналысын екінші рет өткізу алғашқы (өткізілмеген) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күнін белгілегеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен ерте емес күнге белгіленеді.

2. Екінші рет Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысы белгіленген орында өткізілуі қажет.

3. Екінші рет Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінен ерекшеленбеуі қажет.

## 19 БАП

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ӨКІЛДІК ЕТУ

1. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және жеке немесе өзінің өкілі арқылы қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

192. Қоғам президентінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде қатысуға құқығы жоқ.
193. Қоғамның қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты тапсырмасын құрайтын сенімхатқа өкілдік негізделген жағдайдан басқа, Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ.
194. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционер атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін қорғауға құқығы бар тұлғаларға қарастырылатын мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

## 20 БАП

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 20.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қоғамның Ішкі қызметін, не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен реттелетін қолданыстағы Заңға, осы Жарғыға және Қоғамның өзге де құжаттарына сәйкес анықталады.
- 20.2. Акционерлердің жалпы жиналысының ашылуына дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге оның өкілетін растайтын сенімхатты ұсынуы қажет. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау барысында есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 20.3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда, хабарланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналысты ашу уақытының өзгеруіне қарсылық білдірмеген жағдайдан басқа хабарланған уақыттан бұрын ашылмайды.
- 20.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру формасын анықтайды – ашық немесе құпия. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру барысында әр акционер бір дауысқа не, ал шешім қатысушылар санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
- 20.5. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралғаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін жабық деп хабарланады.
- 20.6. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында берілген мәліметтердің толықтығына және анықтығына жауап береді.

## 21 БАП

### СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ

- 21.1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру жүргізу арқылы қабылданады. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына



қатысушы акционерлердің (аралас дауыс беру) дауыс беруімен бірге не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей қолданылады.

Сырттай дауыс беруді жүргізу барысында дауыс беру бюллетеньдері заңнамалық актілерге және осы Жарғының ережелеріне сәйкес құрылған акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі. Дауыс беру бюллетеньдері Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізу күніне дейін қырық бес күн бұрын мерзімнен кешіктірмей акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жолдануы қажет.

Сырттай дауыс беру бюллетеньдері тікмендегілерден құралуы қажет:

21.3.1. Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

21.3.2. жапалысты шақыру бастамашысының мәліметтері;

21.3.3. сырттай дауыс беру бюллетеньдерін ұсынудың соңғы күні;

21.3.4. Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізу күні не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей-ақ сырттай дауыс санын есептеу күні;

21.3.5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

21.3.6. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелерден құралған болса, сайлауға түсуге ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

21.3.7. Сайлау жүргізілетін мәселелердің формулировкасы;

21.3.8. «үшін», «қарсы», «жауап бермеу» сөздерімен белгіленген Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары.

21.3.9. күн тәртібінің әр сұрақтары бойынша дауыс беру тәртібін анықтау.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерге аталған тұлғаның жеке басын растайтын мәліметтерді көрсете отырып, жеке тұлға - акционер қол қояды. Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қояды және заңды тұлғаның мөрімен расталады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселеден тұратын болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жеке кандидаттар берген дауыс санын көрсететін жолдан тұруы қажет.

Сырттай дауыс беру жолымен Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында дұрыс толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауысты санау күні белгіленген мерзімнен бұрын түскен жағдайда, дауысты мерзімінен бұрын санауға жол беріледі, бұл жөнінде акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында жазылады.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень бұдан бұрын жіберілген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келген жағдайда, оның бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібі мәселелері бойынша дауысты есептеу барысында есепке алынбайды.



## 22 БАП

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ

- 22.1. Акционерлердің жалпы жиналысында «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша дауыс беру төмендегі жағдайлардан басқа дауыс беруде жүзеге асырылады:
  - 22.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша ең жоғарғы дауыс санын шектеу;
  - 22.1.2. Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау барысында кумулятивті дауыс беру;
  - 22.1.3. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу мәселелері бойынша бір дауыс ұсыну.
- 22.2. Іштей тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылады, мұндай дауыс беруге бюллетеньдер (бұдан әрі – күндізгі құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын әр жеке мәселе бойынша құрылады. Күндізгі құпия дауыс беруге арналған бюллетень төмендегілерден құралады:
  - 22.2.1. сұрақты немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік санын формулировкалау;
  - 22.2.2. «үшін», «қарсы», «жауап бермеу» сөздерімен белгіленген сұрақтар бойынша дауыс беру нұсқалары, немесе Қоғам органына әр кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
  - 22.2.3. Акционерге тиесілі дауыс саны.
- 22.3. Күндізгі құпия дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер бюллетеньге қол қоюға ниет білдірген жағдайдан басқа жағдайларда, оның ішінде Заңға сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талаптарды Қоғамға ұсыну мақсатында акционер қол қоймайды.
- 22.4. Бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібін дауыс беруші сақтаған күндізгі құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауысты есептеу барысында дауыс беру нұсқаларының мүмкін болатын бір нұсқасы белгіленеді.

## 23 БАП

### ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАТТАМА

- 23.1. Дауыс беру қорытындысы дауыс беру өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысында хабарланады.
- 23.2. Дауыс беру қорытындысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама толтырады және қол қояды. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында дауыс беру нәтижелері жазылған жағдайда, Қоғамның дауыс беру қорытындылары туралы хаттамасы болып табылады.
- 23.3. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Бұқаралық ақпарат құралдарында олардың жариялануы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күнтізбелік күн

ішінде әр акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы акционерлерге мәлімет ретінде жеткізіледі.

## 24 БАП

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

- 24.1 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құрылады және қол қойылады.
- 24.2 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:
- 24.2.1 Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан орны;
  - 24.2.2 Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;
  - 24.2.3 Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беру акцияларының саны туралы мәліметтер;
  - 24.2.4 Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
  - 24.2.5 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 24.2.6 Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
  - 24.2.7 Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
  - 24.2.8 Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы тұлғалардың сөздері;
  - 24.2.9 дауыс беруге шығарылған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
  - 24.2.10 дауыс беруге шығарылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
  - 24.2.11 Акционерлердің жалпы жиналысында шығарылған шешімдер.
- 24.3 Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда, Жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің таңдалған мүшесі қай акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) сайланған Директорлар кеңесінің қай мүшесі Тәуелсіз директор болып табылатындығы жөнінде көрсетіледі.
- 24.4 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы қол қояды:
- 24.4.1 Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
  - 24.4.2 Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленуші акционерлер.
- 24.5 Қол қоюға міндетті тұлға хаттамаға қол қой алмаған жағдайда, оған берілген сенімхаттың негізінде хаттамаға оның өкілі не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет ете алатын немесе оның мүддесін қорғай алатын тұлға қол қояды.
- 24.6 Осы Жарғының 24.4 тармағында көрсетілген тұлғалардың бірі келіспеген жағдайда, хаттамаға қоса беруге жататын бае тарту себебінің жазбаша түсініктемесін ұсына отырып, аталған тұлға хаттаманың мазмұнымен оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.
- 24.7 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге, сонымен қатар хаттамаға қол қоюға құқық беретін сенімхатпен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Президентте сақталады және кез келген



уақытта акционерлерге танысуға ұсынылады. Акционердің талабы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі оған беріледі.

## 25 БАП ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 25.1. Директорлар кеңесі – Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне Заңмен және осы Жарғымен жатқызылатын мәселерден басқа, Қоғамның қыметін жалпы басқаруды жүзеге асырушы Қоғамды басқарушы орган.
- 25.2. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерін және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
- 25.3. Директорлар кеңесінің құрамы үш мүшеден кем емес мөлшерде белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының отыздан кем емес пайызы Тәуелсіз директорлар болуы қажет.
- 25.4. Директорлар кеңесінің төрағасы Заңда қарастырылған тәртіпте Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан сайланады.
- 25.5. Президент Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
- 25.6. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оған төрағалық етеді, отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады.
- 25.7. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Директорлар кеңесі мүшелерінің отырысына қатысушылар (сырттай дауыс беруге қатысушы) сайлаған Директорлар кеңесінің отырысқа қатысушы (сырттай дауыс беруге қатысушы) тұлғаларының бірі атқарады.
- 25.8. Директорлар кеңесінің мүшелері әр үш жыл сайын қайта сайлауға жатады. Бір тұлғаның Директорлар кеңесі құрамына қатар үш мерзімнен аса тәуелсіз директор ретінде сайлануға құқығы жоқ.
- 25.9. Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:
  - 25.9.1. жоғары білім жоқ тұлға;
  - 25.9.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өтелмеген мерзімі бар немесе сотталғандығы алынып тасталмаған тұлға;
  - 25.9.3. банкрот, консервация, санация, еріксіз тарату туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл бойы аталған тұлға басшылық ету барысында бұдан бұрын банкрот деп танылған немесе консервацияға, санацияға, еріксіз таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басқарушы қызметкері болған тұлға.
- 25.10. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 25.11. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің төрағасының немесе Президенттің бастамасымен, не болмаса төмендегілердің талаптары бойынша шақырылады:
  - 25.11.1. Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;



- 25.11.2. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 25.11.3. Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;
- 25.11.4. Қоғамның Ірі акционерінің.
- 25.12. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе Президентімен шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақырылады.
- 25.13. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама күні, уақыты, орны және отырыстың күн тәртібі, отырыс өткізу формасы көрсетілген жазбаша формада жолданады.
- 25.14. Хабарлама алған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің өткізілетін отырысына оның қатысу мүмкіндігі туралы Директорлар кеңесінің төрағасына және (немесе) Директорлар кеңесінің хатшысына Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін күнге дейін бір күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға міндетті;
- 25.15. Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізу күніне дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.
- 25.16. Директорлар кеңесі отырысын өткізуге арналған кворумды Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының жартысынан төмен емесі толтырады.
- 25.17. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысушы (сырттай дауыс беруге қатысушы) Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.
- 25.18. Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу барысында Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығы өзге тұлғаға берілмейді.
- 25.19. Директорлар кеңесі отырысында жылдам шешім қабылдау мақсатында, Қоғамның орналасқан жерінен тыс жерлердегі және Директорлар кеңесіне өзінің қатысуын қалайтын Директорлар кеңесі мүшелерімен (аудио, видео) байланысты қолдану арқылы, селекторлық кеңес ұйымдастыруға болады. Өткізілетін Директорлар кеңесі отырысының барлық материалдары белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолданады.
- 25.20. Отырысқа қатысуға мүмкіндігі жоқ Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ойын жазбаша беругі құқылы.
- 25.21. Директорлар кеңесі мүшесі жазбаша ойын Директорлар кеңесі отырысын өткізгенге дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынуы қажет.
- 25.22. Директорлар кеңесі отырысына төрағалық етуші Директорлар кеңесі отырысына қатыспаған Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсынылған жазбаша ойын күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру басталғанға дейін жариялауға міндетті.
- 25.23. Күндізгі тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде отырыста төрағалық етуші тұлға және Қоғамның хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді және төмендегілерден тұрады:
- 25.23.1. Қоғамның (атқарушы органның) толық атауы және орналасқан орны;
- 25.23.2. отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 25.23.3. отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
- 25.23.4. отырыстың күн тәртібі;

- 25.23.5. дауыс беруге шығарылған мәселелер, және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 25.23.6. қабылданған шешімдер;
- 25.23.7. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.
- 25.24. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесіне қарауға шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.
- 25.25. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень Заңда қарастырылған ақпаратты құрауы қажет.
- 25.26. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум бар болған жағдайда қабылданады деп есептеледі. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және Заңға сәйкес Директорлар кеңесінің Төрағасы және хатшысы қол қоюы қажет.
- 25.27. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сонымен қатар бюллетеньдер қолтаңбалармен Қоғамның мұрағатында сақталады.
- 25.28. Директорлар кеңесі отырысының хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша тапсыру және хаттама мен шешім көшірмесін беру үшін Директорлар кеңесі отырысының өз қолымен расталған және Қоғам мөрі басылған хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімді оған ұсынуға міндетті.
- 25.29. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақылар төленеді және (немесе) Мемлекеттік қызметшілер немесе Акционерлердің жалпы жиналысының төрағалары болып табылатын Директорлар кеңесі мүшелерінен басқа, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметтерін орындаумен байланысты шығындардың орны толтырылады.
- 25.30. Директорлар кеңесі комитетін құру және оның жұмыс тәртібі, сонымен қатар сапалы құрамы Директорлар кеңесі бекітетін, Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

## 26 БАП

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

- 26.1. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:
- 26.1.1. Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтайды;
- 26.1.2. жылдық және кезектен тыс Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдайды;
- 26.1.3. жарияланған акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі және құны шегінде орналастыру (сату), оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы шешімдер қабылдау;
- 26.1.4. орналастырылған акцияларды немесе өзге де құнды қағаздарды Қоғамның сатып алуы туралы және оларды сатып алу құны туралы шешімдер қабылдау;
- 26.1.5. Қоғамның жылдық/аралық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 26.1.6. Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелерді бекіту;



- 26.1.7. Қоғамның облигациялар және өндірістік құнды қағаздар шығару шарттарын белгілеу;
- 26.1.8. алқалық атқарушы органның Басқару өкілеттігінің мерзімін белгілеу, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 26.1.9. Президенттің лауазымдық еңбекақы мөлшерін және еңбек төлемі шарттарын және сыйақы беру мөлшерін белгілеу;
- 26.1.10. Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін белгілеу, оның басшысының және мүшелерінің өкілеттігін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар олардың еңбекақыларының және сыйақыларының мөлшерін және шарттарын анықтау;
- 26.1.11. Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар лауазымдық еңбекақысын және корпоративтік хатшыға сыйлықақы беру шартын белгілеу;
- 26.1.12. Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Президентінің Қоғамның Ішкі қызметімен реттелетін құжаттарды бекітуі;
- 26.1.13. Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 26.1.14. өзге заңды тұлғалар құруға Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 26.1.15. ірі мәмілелер және жасауда Қоғам қызығушылығы бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 26.1.16. даму стратегиясын, сонымен қатар Қоғам дамуының жоспарын бекіту;
- 26.1.17. бағалаушының және аудиторлық ұйымның қызметтерінің төлем мөлшерін белгілеу;
- 26.1.18. әр мәмілеге қатысты (өзара байланысты мәмілелер тізбегі) 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеге тең немесе одан асатын сомаға Қоғамның міндеттерін арттыру бойынша шешім қабылдайды;
- 26.1.19. алдыңғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда, Қоғам тіркеушісіні таңдау;
- 26.1.20. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын қызметтік, коммерциялық немесе өзге де құпиядан тұратын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
- 26.1.21. әр күнтізбелік жылға (немесе оның бөлігіне) Қоғам бюджетін бекіту;
- 26.1.22. Қоғам бюджетімен белгіленген мөлшерден асатын сомаға бюджеттің шығыс бөлігіне жататын Қоғамның мәмілелерін бекіту;
- 26.1.23. қаржылық көмекпен, міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынумен, оның ішінде тапсырыс берушімен тауар және/немесе қызметтерді сату барысындағы кепілдемемен қоса 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеге тең немесе одан жоғары сомаға (ұсынылған және алынған) кепілмен, кепілдемемен қоса, қарыз және/немесе несие алу туралы өтінішті, сонымен қатар овернайт, овердрафт типіндегі шарттардан басқа жергілікті салық және кедендік органдардың кепілдемелерін келісу;
- 26.1.24. сомасы 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеге тең немесе одан асатын несие берудің, кепіл ұсынудың немесе кепілдік етудің негізгі шарттарын Акционерлердің жалпы жиналысында бекітуге қарастыруға беру;



- 26.1.25. үшінші тұлғаның шағымы бойынша Қоғамның сот ісін және өзге де дауларды қозғау туралы шешім және әр осындай шағымға немесе бейбіт келісімге қатысты 200 000 000 (екі жүз миллион) теңгеге тең немесе одан аспайтын сомада істі қарау бойынша бейбіт келісім шарттарын бекіту;
  - 26.1.26. атаптан мүліктің құны 200 000 000 (екі жүз) миллион теңгеге тең немесе одан жоғары болған жағдайда немесе бір жылдан аса мерзімге жалға Қоғам мүлкін беру шартын жасауды келісу;
  - 26.1.27. Қоғам бюджетінде қарастырылған сомадан жоғары бонус, сыйақы, ұқсас сипаттағы өзге де төлемдерді келісу;
  - 26.1.28. Ішкі аудит қызметінің жыл сайынғы аудиторлық жоспарын бекіту, Ішкі аудит қызметінің есебін қарау және олар бойынша шешімдер шығару;
  - 26.1.29. Қоғам қызметін ұйшықтастыру мақсатында қабылданатын қағидаларды, нұсқаулықтарды, ережелерді және өзге де ішкі құжаттарды бекіту, оларды бекітуде осы Жарғы Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмайды;
  - 26.1.30. Заңда және осы Жарғыда көзделген Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмайтын өзге де мәселелер.
- 26.2.** Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Президентке шешуге Директорлар кеңесіне беріледі.
- 26.3.** Директорлар кеңесі:
- 26.3.1. Лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде қызығушылықтардың әлеуетті шиеленістерін бақылау және мүмкіндігінше жою, оның ішінде Қоғамның меншігін тең пайдаланбау және қызығушылық бар мәмілелер жасау барысында теріс пайдалануға;
  - 26.3.2. Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

## 27 БАП ҚОҒАМ ПРЕЗИДЕНТІ

- 27.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғамның жеке атқарушы органы – Президент жүзеге асырады.
- 27.2. Президент Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің немесе Қоғамның Лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, оның ішінде:
  - 27.2.1. Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
  - 27.2.2. үшінші тұлғаға қатысты Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
  - 27.2.3. үшінші тұлғаға Қоғам мүддесін қорғау үшін сенімхат береді;
  - 27.2.4. Қоғам қызметкерлерін (Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа) жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға марапаттау және тәртіптік жазалау шараларын қолданады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес лауазымдық еңбекақы мөлшерін белгілейді.

- Қоғамның ішкі аудит қызметі құрамына кіретін Қоғам қызметкерлерінің сыйақы мөлшерін белгілейді;
- 27.2.5. Қоғамның банктік, қаржылық және өзге де құжаттарына бірінші қол қойу құқығына ие;
- 27.2.6. үшінші тұлғаға қатысты, оның ішінде мемлекеттік органдар мен мекемелер алдында Қоғамның мүддесін қорғайды;
- 27.2.7. шарттарға қол қояды, кепілдемелер береді, үшінші тұлғамен қатынаста Қоғам атынан осы Жарғыда белгіленген шектеулердің шегінде сенімхаттамз әрекет етеді;
- 27.2.8. Қоғамның атынан мәмілелер жасайды (шарттарға қол қояды), сонымен қатар әр мәмілеге қатысты (өзара байланысты мәмілелер тізбегі) 200 000 000 (екі жүз миллион) теңге сомасында Қоғамның міндеттерін арттыру бойынша шешім қабылдайды;
- 27.2.9. Қоғамның ұйымдастыру құрылымын және штаттық кестесін бекітеді, филиалдары мен өкілдіктерінің ұйымдастыру құрылымын және штаттық кестесін бекітеді, сонымен қатар Қоғам қатысу немесе акциялар үлесіне ие заңды тұлғалардың құрылымын және штаттық кестесін келіседі;
- 27.2.10. Қоғам қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті бұйрықтар (өкімдер) шығарады;
- 27.2.11. Қоғам бюджетін дайындауды және оны іске асырулы жүзеге асырады және оларды орындауға жауап береді;
- 27.2.12. Қоғамның ішкі тәртіп ережелерін және қағидаларын бекітеді;
- 27.2.13. Қоғамның қатысу үлесі (акциялар пакеті) бар ұйымдарға қатысты Қоғамның акционерлер құқығын жүзеге асыру тәртібін белгілейді;
- 27.2.14. Қоғам бюджетінде қарастырылған шеңберде Қоғам қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді;
- 27.2.15. Қоғамның тауар белгілері және нышандары үлгілерін бекітеді;
- 27.2.16. осы Жарғыда белгіленген шектеулер есебінен мәмілелер жасауға құқық берумен қоса, үшінші тұлғаға оған қатысты Қоғам мүддесін қорғау құқығына сенімхат береді;
- 27.2.17. Директорлар кеңесіне Қоғамның, сонымен қатар еншілес және Қоғамның қатысу үлесі (акциялар пакеті) бар өзге де ұйымдарының Акционерлердің жалпы жиналысында белгіленген формалар мен мерзімдер бойынша қаржылық-шаруашылық қызметтерінің есептерін ұсынады;
- 27.2.18. банк шоттарын ашады және Қазақстан Республикасының банктерінде немесе шетел банктерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Қоғамның шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда, Қоғамның атынан мұндай шоттар бойынша банк операцияларын жүргізеді;
- 27.2.19. Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық тұсқаулықтарын, құрылымдық бөлімшелердің ережелерін бекітеді;
- 27.2.20. жылдық есептер әзірлейді;
- 27.2.21. Қоғамның атынан Қоғам қызметкерлерімен ешбек шарттарын жасайды және бұзады;



- 27.2.22. үшінші тұлғаның шағымы бойынша Қоғамның сот ісін және өзге де дауларды қозғау туралы шешім қабылдайды және әр осындай шағымға немесе бейбіт келісімге қатысты 100 000 000 (жүз миллион) теңгеден аспайтын сомада істі қарау бойынша бейбіт келісім шарттарын бекітеді;
- 27.2.23. Қоғамның филиалдары, өкілдіктері және еңгілес кәсіпорындары, олардың атқарушы органдары қызметін үйлестіреді және бағыттайды, Қоғам мүддесін қорғауға құқық беретін сенімхат береді;
- 27.2.24. Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын кағидаларды, нұсқаулықтарды, ережелерді және өзге де ішкі құжаттарды бекітеді, оларды бекітуде осы Жарғы Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмайды;
- 27.2.25. жоқ болған уақытта немесе өз міндеттерін орындау мүмкін емес жағдайларда өз міндеттерін орынбасарына жүктейді;
- 27.2.26. Жарғымен және Акционерлердің жалпы жиналыстарының шешімдерімен және Директорлар кеңесімен белгіленген өзге де қызметтері жүзеге асырады.
- 27.3. Президент Директорлар кеңесінің мүшелеріне өзіне жүктелген міндеттерді орындау барысында Қоғам қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты сұрағу алғаннан кейін он күннен кешіктірмей уақытында ұсынууды қамтамасыз етеді.
- 27.4. Президент Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғам Директорлары кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 27.5. Президент қызметі Директорлар кеңесімен бақыланады.
- 27.6. Президенттің өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен ерікті қызметтен кеткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 27.7. Қоғам атынан Президентпен еңбек шартын Директорлар кеңесінің төрағасы жасайды. Еңбек заңнамасы Заңның реттелмеген ережелеріне қатысты Қоғам мен Президент арасындағы қатынастарға таралады.

## 28 БАП ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

- 28.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау саласында бағалауды, қауіптерді басқаруды, корпоративтік бақылау саласындағы құжаттарды орындауды және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыру үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады.
- 28.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкері/қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды және Қоғам Президенті болып тағайындала алмайды.
- 28.3. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін лауазымға Директорлар кеңесі тағайындайды. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.
- 28.4. Директорлар кеңесі орнатқан тәртіпте Ішкі аудит қызметі:
  - 28.4.1. Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат ұсынады;



- 28.4.2. жүйелендірілген және реттелген тәсілді пайдалана отырып, бағалау жүргізеді және қауіптерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару үдерістерін жетілдіруге ықпал жасайды;
- 28.4.3. Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге сәйкес оның құзыретіне кіретін өзге де қызметтерді жүзеге асырады.
- 28.5.** Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.
- 28.6.** Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібі, міндеттері, қызметтері, құқықтары, жауапкершілігі, сонымен қатар Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің өкілеттігі Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен анықталады.
- 28.7.** Ішкі аудит қызметі қызметіне жетекшілік ету Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады.
- 28.8.** Ішкі аудит қызметі қызметінің тиімділігін бағалауды Аудит жөніндегі комитет ұсынысының есебінен Директорлар кеңесі жүзеге асырады.
- 28.9.** Қоғам және Ішкі аудит қызметінің қызметкері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен реттеледі. Қоғам атынан Ішкі аудит қызметінің қызметкерімен еңбек шартына Қоғамның Президенті қол қояды.

## 29 БАП

### ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚҰЖАТТАРЫНА ҚОЛ ҚОЮ

- 29.1.** Президенттің шектеусіз қаржылық және банктік құжаттарды қосқанда Қоғамның барлық құжаттарына бірінші қол қою құқығы бар. Қажет болған жағдайда Президент мұндай құқықты Заңға және осы Жарғыға қайшы келмейтін, сенімхат беру, ішкі нұсқаулықтар мен ережелерді бекіту жолымен - Қоғамның өзге Лауазымды тұлғасына бере алады.
- 29.2.** Кез-келген төлемді жүргізу, кез-келген мәмілелер жасау, кепіл, вексельдер беру, Қоғамның кез-келген активін сатып алу және сату, сонымен қатар Қоғамның кез-келген формадағы қаржылық немесе өзге де міндеттерді қабылдауы екі қолтаңба болған жағдайда жүргізіледі:
- 29.2.1. бірінші қол қоя құқығы берілген Қоғам Президентінің қолы;
- 29.2.2. не болмаса оны легитимді түрде алмастыратын тұлға.
- 29.3.** Қоғам атынан жасалатын басқа әрекетті немесе қандай да бір мәмілені жүзеге асыру қосымша рұқсат шараларын (Директорлар кеңесінің алдын ала шешімі, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі/мақұлдауы) талап еткен жағдайда, бірінші қол қою құқығы бар тұлға барлық талап етілетін рұқсаттар/мақұлдаулар алынғаннан кейін ғана қол қояды.

## 30 БАП

### ЖАСАУҒА ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР ҚОЙЫЛҒАН ҚОҒАМНЫҢ МӘМІЛЕЛЕРІ

- 30.1.** Ірі мәмілелер:

- 30.1.1. нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе шығаратын (сатып алынуы немесе шығарылуы мүмкін) мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;
  - 30.1.2. нәтижесінде Қоғаммен оның орналастырылған құнды қағаздары сатып алынуы мүмкін немесе бір түрдегі орналастырылған құнды қағаздардың жалпы санынан жиырма бес және одан да көп пайыз мөлшерінде Қоғамның олар сатып алған құнды қағаздары сатылуы мүмкін мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;
  - 30.1.3. Қоғам Жарғысымен ірі мәміле деп танылатын өзге мәміле.
- 30.2. Өзара байланысты деп танылатындар:
- 30.2.1. бір мүлікті шығаруға немесе сатып алуға қатысты бір тұлғамен не болмаса Аффилиирленген тәнтар арасында өзара жасалатын бірнеше мәмілелер;
  - 30.2.2. өзара бір-бірімен байланысты бір шартпен немесе бірнеше шарттармен ресімделген мәмілелер;
  - 30.2.3. Жарғымен немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен өзара байланысты деп танылатын өзге де мәмілелер.

### **31 БАП**

#### **ҚОҒАМНЫҢ ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАУЫ**

- 31.1. Қоғамның ірі мәмілелер жасау туралы шешімін Директорлар кеңесі қабылдайды. Кредиторлар мен акционерлерді ақпараттандыру мақсатында Қоғам Директорлар кеңесі Қоғамның ірі мәмілелер жасауы туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік және өзге де тілдерде Бұқаралық ақпарат құралдарына мәміле туралы хабарламаны жариялауға міндетті.
- 31.2. Қоғам Жарғысымен ірі мәмілелер, Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданатын қорытындылар туралы шешімдер, сонымен қатар оларды жасау тәртібі белгіленеді.
- 31.3. Белгіленген Заң және осы Жарғы тәртібінде қабылданған ірі мәмілелер жасау туралы Қоғам шешімімен келіспеген жағдайда, Акционер Заңмен белгіленген тәртіпте оған тиесілі акцияларды Қоғамның сатып алуын талап етуге құқылы.

### **32 БАП**

#### **ЖАСАУДА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БАР МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАУ ТӘРТІБІ**

- 32.1. Қоғамның мәмілелер жасауға мүдделі тұлғалар (бұдан әрі мүдделі тұлғалар) Қоғамның Аффилиирленген тұлғалары болып танылады, егер:
  - 32.1.1. мәміле тарапы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысушы болып табылса;
  - 32.1.2. мәміле тарапы немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысушы болып табылатын заңды тұлғаның Аффилиирленген тұлғалары болып табылса.
- 32.2. Жасауда Қоғамның қызығушылығы бар келісім мәміле болып табылмайды.



- 32.2.1. Акционерлердің акцияларды немесе Қоғамның өзге де құнды қағаздарын сатып алу, сонымен Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу бойынша мәміле;
- 32.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын банктік, коммерциялық немесе қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламау туралы мәміле;
- 32.2.3. осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын Қоғамды қайта құру;
- 32.2.4. мемлекеттік сатып алулар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын Қоғамның өзінің Аффилирленген тұлғасымен мәміле;
- 32.2.5. үлгі формасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген Қоғамның өзінің Аффилирленген тұлғасымен шарт жасауы.

32.3. Қоғамның мәмілелер жасауға мүдделі тұлғалары Директорлар кеңесіне ақпараттарды жеткізуге міндетті:

- 32.3.1. олардың мәміле тарапы болып табылатындығы не болмаса оқіл немесе делдал ретінде оған қатысушы болып табылатындығы туралы;
- 32.3.2. олар Аффилирленген заңды тұлғалар туралы, оның ішінде олар дербес немесе өзінің Аффилирленген тұлғаларымен бірлесіп дауыс беретін акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызы және органдарды лауазымдарға не заңды тұлғалар туралы;
- 32.3.3. олар мүдделі тұлғалар деп таныла алатын, оларға белгілі жасалатын немесе болжанатын мәмілелер туралы.

32.4. Жасауда қызығушылық бар Қоғамның мәміле жасау туралы шешімі мәміле жасауға қызығушылық танытпайтын Директорлар кеңесінің мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

32.5. Жасауда қызығушылық бар Қоғамның мәміле жасау туралы шешімі мәміле жасауға қызығушылық танытпайтын акционерлердің көпшілік дауысымен қабылданады:

- 32.5.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылған жағдайда;
- 32.5.2. шешім қабылдауға қажет дауыс санының жоқ болуына байланысты мұндай мәмілелер жасау туралы Директорлар кеңесінің шешім қабылдау мүмкінсіздігі.

32.6. Жасауда қызығушылық бар Қоғамның мәмілелер жасау туралы шешімі Акционерлердің жалпы жиналысында қарапайым акциялардың иелері Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылған жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысына негізді шешім қабылдауға қажет ақпараттарды (құжаттарды қоса берумен) ұсынады.

32.7. Жасауда қызығушылық бар мәмілелер барлық растау құжаттарының қосымшасымен нарық талаптарында жүзеге асырылады.



### 33 БАП ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛГАЛАРЫ

- 33.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары:
- 33.1.1. Өзіне жүктелген міндетті адал орындайды және Қоғамның және Акционерлердің жалпы жиналысының мүдделерін бейнелейтін әдістерді пайдаланады;
  - 33.1.2. Қоғамның мүлкін пайдалана алмайды немесе осы Жарғыға, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешіміне қайшы келетін, сонымен қатар жеке мақсаттарда оны пайдалануға және ол Аффиллирленген тұлғаларымен мәмілелер жасау барысында теріс пайдалануға жол бермейді;
  - 33.1.3. тәуелсіз аудит жүргізумен қоса, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
  - 33.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпарат ұсынуды және оны ашуды бақылайды;
  - 33.1.5. Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтайды.
- 33.2. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам және Акционерлердің жалпы жиналысы алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың әрекеттерінен (әрекетсіздіктерінен) болған зиянға, оның ішінде төмендегілердің нәтижесінде келтірілген шығындарға жауап бермейді:
- 33.2.1. жаңылдастыратын немесе жалған ақпарат ұсыну;
  - 33.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ақпарат ұсыну тәртібін бұзу;
  - 33.2.3. олардың ықпалсыз әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздіктерінің, оның ішінде Қоғаммен осындай мәміле жасау нәтижесінде олардың не болмаса Аффиллирленген тұлғалардың кірісті (табысты) алу мақсатында Қоғамның шығындарының пайда болуына әкел соғатын, оларды жасауда қызығушылық бар, қорытындыға ұсыныс және (немесе) ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер қорытындысы туралы шешім қабылдау.
- 33.3. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің негізінде Лауазымды тұлғаға Қоғам келтірген зиянды не болмаса шығындарды өтеу туралы сотқа шағымдана алады.
- 33.4. Қоғамның Лауазымды тұлғалары Қоғамды не болмаса Акционерлердің жалпы жиналысын шығынға ұшырататын Қоғам органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

### 34 БАП ЕСЕП, ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ

- 34.1. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік құру бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

- 34.2. Қазақстан Республикасының өкілетті органы белгілеген мерзімде Қоғам жыл сайын Бұқаралық ақпарат құралдарында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін, ал еншілес (бірнеше еншілес) ұйым (ұйымдар) болмаған жағдайда – шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті жариялауға міндетті.
- 34.3. Жасауда мүдделге не ірі мәміле және (немесе) мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке жазбаша түсіністемемен шылады. Нәтижесінде Қоғам активтерінің мөлшерінің ол және одан да көп пайыз сомасында мүлік сатып алынатын не болмаса мүлктен айыратын мәміле туралы ақпарат мәмілелердің тараптары, мерзімдері және мәміле шарттары, сипаты және тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің көлемі, сонымен қатар мәміле туралы өзге де ақпараттардан тұруы қажет.
- 34.4. Президент жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына өткен жылға жылдық қаржылық есеп ұсынады, оның аудиті аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны талқылау және бекіту үшін жүргізіледі.
- 34.5. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Акционерлердің жалпы жиналысында қарауға шығару күніне дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Директорлар кеңесіне алдын ала бекітілуге жатады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі соңғы бекіту Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен жүргізіледі.
- 34.6. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін өткізуге міндетті.
- 34.7. Қоғам аудиті Директорлар кеңесінің, Президенттің бастамасы бойынша Қоғам есебінен не болмаса ірі акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізіледі, ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы.
- 34.8. Акционерлердің жалпы жиналысының талабы бойынша аудит жүргізген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) ұсынуға міндетті.
- 34.9. Президент Қоғам аудитін жүргізуден бас тартқан жағдайда, кез-келген мүдделі тұлғаның шағымы бойынша сот шешімімен аудит тағайындалады.

## 35 БАП

### ҚОҒАМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

- 35.1. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның қызметі туралы ақпаратты мәлімет үшін жеткізуге міндетті.
- 35.2. Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының мүддесін қозғайтын ақпараттар:
- 35.2.1. Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер, және қабылданған шешімдерді орындау туралы ақпарат;
- 35.2.2. Қоғамның акцияларды және өзге де құнды қағаздарды шығаруы және Қоғамның құнды қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның құнды қағаздарды өтеу қорытындылары туралы есептерді өкілетті органына бекітуі, Қоғамның құнды қағаздарын өкілетті органының жоюы;
- 35.2.3. Қоғамның ірі мәмілелерді және Қоғам қызығушылық танытушы мәмілелер жасауы;



- 35.2.4. Қоғамның жеке капитал мөлшерінен жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;
- 35.2.5. қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға Қоғамның лицензия алуы, қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның бұдан бұрын алынған лицензиясын тоқтату;
- 35.2.6. заңды тұлғаны құруға Қоғамның қатысуы;
- 35.2.7. Қоғам мүлкіне тыйым салу;
- 35.2.8. нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құраған Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;
- 35.2.9. Қоғамды және оның Лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапқа тарту;
- 35.2.10. осы Қоғамның активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;
- 35.2.11. корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;
- 35.2.12. Қоғамды еріксіз қайта құру туралы шешім;
- 35.2.13. осы Жарғыға сәйкес оның акционерлерінің мүддесін қозғайтын өзге де ақпарат.

35.3. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысына және/немесе Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның барлық құжаттарына, оның ішінде қаржылық құжаттарға қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Президент Акционерлердің жалпы жиналысына және/немесе Директорлар кеңесінің мүшесіне олардан жазбаша сұрату алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде танысу үшін құжаттар ұсынады.

35.4. Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесінің мүшелері және өзге де Лауазымды тұлғалар және Қоғамның қызметкерлері Қоғамнан алынған барлық ақпаратты қатаң құпия және тек Қоғамның мүддесі үшін деп қабылдаулары қажет және мұндай ақпарат Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына талпы етілмесе немесе осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте санкцияланбаған жағдайда, үшінші тұлғаға мұндай ақпаратты таратулары қажет.

35.5. Қоғам міндетті жариялауға жататын өзінің хабарламалары мен ақпараттарын жариялауға Бұхаралық ақпарат құралдарын «Қазақстанская правда» және Қоғамның Корпоративтік веб-сайтын [www.kazpetrodrilling.kz](http://www.kazpetrodrilling.kz) пайдаланады.

35.6. Қоғам осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі ұсынған мәліметтердің негізінде өзінің Аффилирленген тұлғаларының есебін жүргізеді.

35.7. Акционерлердің жалпы жиналысы және Қоғамның Лауазымды тұлғасы Қоғамда өздерінің Аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Аффилирленушіге туындаған күннен бастап жеті күн ішінде ұсынады.

35.8. Акционерлердің жалпы жиналысымен бұдан бұрын көрсетілген тұлға немесе Аффилирленген Қоғамның Лауазымды тұлғасы бес күн мерзімде Қоғам Президентіне Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Қоғамның Лауазымды тұлғасы бұл туралы хабарлағаннан кейін Аффилирленген Қоғамның Лауазымды тұлғасы болмайды.

- 35.9. Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат құнды қағаздар нарығын реттеуді және бақылауды жүзеге асырушы мемлекеттік орган бекіткен сәйкес форма бойынша Басқарма Төрағасына ұсынылады.

### 36 БАП

#### ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ


- 36.1. Қоғамды қайта құру негіздеме бойынша анықталады және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған талаптарда және тәртіпте жүзеге асырылады.
- 36.2. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздемелер бойынша сот шешімімен ерікті таратылады.
- 36.3. Ерікті таратылған жағдайда Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамды тарату және тарату комиссиясын құру туралы мәселені қарауға шығарады.
- 36.4. Тарату комиссиясы тағайындалған сәттен бастап Қоғамның ісін басқару бойынша оларға барлық өкілеттік беріледі.
- 36.5. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қоғамды таратуды жүргізеді.
- 36.6. Ерікті тарату барысында тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуі қажет.
- 36.7. Қоғамды тарату барысында оның хабарланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте күшін жоюға жатады.
- 36.8. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне мемлекеттік тіркеу органы сәйкес жазба енгізген сәттен бастап тарату аяқталды, ал Қоғам – өзінің қызметін тоқтатты деп есептеледі.

### 37 БАП

#### ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 37.1. Осы Жарғымен реттелмеген жағдайларда, Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.
- 37.2. Осы Жарғы белгіленген заңнамалық тәртіпте мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

АҚ «KazPetroDrilling», Президент Хайруллаев Рахмет Хибадуллаевич өкіліндегі,  
акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде әрекет ететін





## ОГЛАВЛЕНИЕ

<b>СТАТЬЯ 1</b> ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	1
<b>СТАТЬЯ 2</b> НАИМЕНОВАНИЕ, МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ.....	2
<b>СТАТЬЯ 3</b> ПРАВОВОЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА.....	3
<b>СТАТЬЯ 4</b> ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ОБЩЕСТВА.....	3
<b>СТАТЬЯ 5</b> ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ ОБЩЕСТВА.....	4
<b>СТАТЬЯ 6</b> ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА.....	5
<b>СТАТЬЯ 7</b> ИМУЩЕСТВО ОБЩЕСТВА.....	6
<b>СТАТЬЯ 8</b> УСЛОВИЯ РАЗМЕЩЕНИЯ ЦЕННЫХ БУМАГ ОБЩЕСТВА.....	6
<b>СТАТЬЯ 9</b> ПОРЯДОК РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ЧИСТОГО ДОХОДА, ДИВИДЕНДЫ ПО АКЦИЯМ.....	7
<b>СТАТЬЯ 10</b> ОРГАНЫ ОБЩЕСТВА.....	8
<b>СТАТЬЯ 11</b> ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ.....	8
<b>СТАТЬЯ 12</b> КОМПЕТЕНЦИЯ ОБЩЕГО СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ.....	9
<b>СТАТЬЯ 13</b> ПРИНЯТИЕ РЕШЕНИЙ ОБЩИМ СОБРАНИЕМ АКЦИОНЕРОВ.....	10
<b>СТАТЬЯ 14</b> ПОРЯДОК СОЗЫВА ОБЩЕГО СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ.....	10
<b>СТАТЬЯ 15</b> ИНФОРМАЦИЯ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕГО СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ.....	11
<b>СТАТЬЯ 16</b> ПОВЕСТКА ДНЯ ОБЩЕГО СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ.....	12
<b>СТАТЬЯ 17</b> КВОРУМ ОБЩЕГО СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ.....	13
<b>СТАТЬЯ 18</b> ПОВТОРНОЕ ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ.....	13
<b>СТАТЬЯ 19</b> ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО НА ОБЩЕМ СОБРАНИИ АКЦИОНЕРОВ.....	14
<b>СТАТЬЯ 20</b> ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ ОБЩЕГО СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ.....	14
<b>СТАТЬЯ 21</b> ПРИНЯТИЕ РЕШЕНИЙ ОБЩИМ СОБРАНИЕМ АКЦИОНЕРОВ ПОСРЕДСТВОМ ЗАОЧНОГО ГЛОСОСОВАНИЯ.....	15
<b>СТАТЬЯ 22</b> ГОЛОСОВАНИЕ НА ОБЩЕМ СОБРАНИИ АКЦИОНЕРОВ.....	16
<b>СТАТЬЯ 23</b> ПРОТОКОЛ ОБ ИТОГАХ ГОЛОСОВАНИЯ.....	16
<b>СТАТЬЯ 24</b> ПРОТОКОЛ ОБЩЕГО СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ.....	17
<b>СТАТЬЯ 25</b> СОВЕТ ДИРЕКТОРОВ.....	18
<b>СТАТЬЯ 26</b> КОМПЕТЕНЦИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ.....	20
<b>СТАТЬЯ 27</b> ПРЕЗИДЕНТ ОБЩЕСТВА.....	22
<b>СТАТЬЯ 28</b> СЛУЖБА ВНУТРЕННЕГО АУДИТА.....	25
<b>СТАТЬЯ 29</b> ПОДПИСАНИЕ ФИНАНСОВЫХ И ИНЫХ ДОКУМЕНТОВ ОБЩЕСТВА.....	25
<b>СТАТЬЯ 30</b> СДЕЛКИ ОБЩЕСТВА, В ОТНОШЕНИИ СОВЕРШЕНИЯ КОТОРЫХ УСТАНОВЛЕНЫ ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ.....	26
<b>СТАТЬЯ 31</b> СОВЕРШЕНИЕ ОБЩЕСТВОМ КРУПНОЙ СДЕЛКИ.....	26
<b>СТАТЬЯ 32</b> ПОРЯДОК ЗАКЛЮЧЕНИЯ СДЕЛКИ, В СОВЕРШЕНИИ КОТОРОЙ ИМЕЕТСЯ ОСОБОЕ ЗНАЧЕНИЕ.....	27
<b>СТАТЬЯ 33</b> ДОЛЖНОСТНЫЕ ЛИЦА ОБЩЕСТВА.....	28
<b>СТАТЬЯ 34</b> УЧЕТ, ОТЧЕТНОСТЬ И АУДИТ.....	28
<b>СТАТЬЯ 35</b> ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ ИНФОРМАЦИИ ОБ ОБЩЕСТВЕ.....	30
<b>СТАТЬЯ 36</b> РЕОРГАНИЗАЦИЯ И ПРЕКРАЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА.....	31
<b>СТАТЬЯ 37</b> ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	32

Настоящий Устав акционерного общества «KazPetroDrilling» определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

## СТАТЬЯ 1 ОПРЕДЕЛЕНИЯ

1.1. Каждый термин, указанный в Уставе с заглавной буквы, и не имеющий в настоящем Уставе иного определения, имеет следующее значение:

- «Аффилированные лица» физические и юридические лица (за исключением государственных органов, осуществляющих контрольные и надзорные функции в рамках предоставленных им полномочий), имеющие возможность прямо и (или) косвенно определять решения и (или) оказывать влияние на принимаемые друг другом (одним из лиц) решения, в том числе в силу заключенной сделки;
- «Внутренняя деятельность Общества» любые процессы, происходящие в Обществе;
- «Должностное лицо» члены Совета директоров и/или Президент Общества;
- «Закон» Закон Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-П «Об акционерных обществах»;
- «Квалифицированное большинство» большинство в размере не менее трех четвертей;
- «Корпоративный веб-сайт» официальный электронный сайт на интернет-ресурсе, принадлежащий Обществу;
- «Корпоративный секретарь» работник Общества, не являющийся членом Совета директоров, который назначен и подотчетен Совету директоров Общества, деятельность которого регулируется внутренними документами Общества;
- «Крупный акционер» акционер или несколько акционеров, действующих на основании заключенного между ними соглашения, которому (которым в совокупности) принадлежат десять и более процентов голосующих акций Общества;
- «Независимый директор» (i) член Совета директоров, который не является аффилированным лицом Общества и не являлся им в течение трех лет, предшествовавших его избранию в Совет директоров (за исключением случая его пребывания на должности независимого директора Общества); (ii) не является аффилированным лицом по отношению к аффилированным лицам Общества; (iii) не связан подчиненностью с Должностными лицами Общества или



	аффилированных лиц Общества и не был связан подчиненностью с данными лицами в течение трех лет, предшествовавших его избранию в Совет директоров; (iv) не является государственным служащим; (v) не является представителем акционера на заседаниях Общества и не являлся им в течение трех лет, предшествовавших его избранию в Совет директоров; (vi) не участвует в аудите Общества в качестве аудитора, работающего в составе аудиторской организации, и не участвовал в таком аудите в течение трех лет, предшествовавших его избранию в Совет директоров;
«Общее собрание акционеров»	высший орган Общества;
«Общество»	акционерное общество «KazPetroDrilling»;
